ӘОЖ 811.512.1
DOI 10.56525/EVNJ7974

Ж.ӘСКЕРБЕККЫЗЫ ПОЭТИКАСЫНДАҒЫ ПРЕЦЕДЕНТТІ МӘТІНДЕРДІҢ ПРЕССУПОЗИЦИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Б.І. Нұрдәулетова
Есенов университеті, Ақтау, Қазақстан
e-mail:nurdauletova@mail.ru

Аңдатпа. Қазіргі қазақ поэзиясында сакралды мотивтерді жаңаша игеру үрдісі айқын байқалады. Осы тұрғыда Ж.Әскербекқызы шығармашылығы мифологиялық, діни және фольклорлық кодтарды терең поэтикалық деңгейде қолдануымен ерекшеленеді. Бұл мәселе әдебиеттану мен поэтика аясында ғана емес, лингвопоэтика саласында да өзекті болып табылады. Мақалада Ж.Әскербекқызы поэтикасындағы прецедентті мәтіндердің пресуппозициялық аспектісі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты автор шығармаларындағы интермәтіндік бірліктердің семантикалық және прагматикалық қызметін анықтау. Ақын поэзиясындағы сакралды образдардың қолданысы, мифологиялық сюжеттердің трансформациясы және ұлттық мәдени кодтардың көрінісі талданады. Прецедентті мәтіндер көркем кеңістікте тарихи жадымен сабақтасқан мағыналық құрылым ретінде танылады. Олар мәтіннің жасырын мазмұнын ашуға мүмкіндік беретін пресуппозициялық негіз қалыптастырады. Зерттеу барысында автордың діни-фольклорлық мотивтерді жаңғырту тәсілдері сараланып, олардың символдық және эстетикалық мәні айқындалады. Ж.Әскербекқызы поэзиясындағы прецедентті мәтіндер оқырманның мәдени тәжірибесімен байланысып, шығарманың терең мағыналық қабатын қалыптастырады. Мақала ақын шығармаларындағы интермәтіндік байланыстардың ұлттық дүниетанымды танытудағы рөлін ғылыми тұрғыдан зерделейді және прецедентті бірліктердің поэтикалық мәтіндегі қызметін айқындауға бағытталған маңызды зерттеу ретінде бағаланады әрі қазақ поэзиясының көркемдік ерекшеліктерін тереңірек ашады.

Түйін сөздер: Жанат Әскербекқызы поэзиясы, сакралды мотив, прецедентті мәтіндер, прессупозиция, поэтикалық тіл, танымдық лингвистика.

Кіріспе

Прецеденттік мәтін ұғымы ғылыми айналымға 1987 жылы Ю.Караулов тарапынан енгізілген. Ғалымның анықтамасы бойынша, прецеденттік мәтіндер – белгілі бір тілдік тұлға үшін когнитивтік және эмоционалдық тұрғыдан маңызды, сонымен қатар кең әлеуметтік ортаға таныс және дискурста жиі қайталанып отыратын мәтіндер. Бұл қатарға дәйексөздер, көркем шығармалардың атаулары, сондай-ақ кейіпкерлер мен автор есімдері жатады. Мұндай мәтіндер вербалды және вербалды емес формада көрініс табуы мүмкін [1].

Аталған тұжырымды дамыта отырып, А. А. Евтюгина прецеденттік мәтінді «жаңа мәтін мен бұрынғы мәтін арасындағы байланысты реттейтін, мәдени жадыны сақтайтын минималды мәдени белгі» [2] ретінде сипаттайды. Бұл анықтама прецеденттік мәтіннің тек құрылымдық емес, сонымен қатар прагматикалық қызметін де айқындайды.

Ғылыми әдебиеттерде «прецеденттік мәтін», «прецеденттік айтылым», «прецеденттік атау» сияқты ұғымдар кеңінен қолданылады. Ю. Сорокин, Ю. Прохоров, В. Костомаров еңбектерінде бұл терминдер мазмұндық жағынан өзара жақын, бірақ деңгейлік тұрғыдан әртүрлі құбылыстар ретінде қарастырылған. Олардың айырмашылығы прецеденттіліктің жүзеге асу деңгейіне (мәтін, атау, айтылым) байланысты [4].

Прецеденттік теория қазіргі тіл біліміндегі қарқынды дамып келе жатқан бағыттардың бірі болып табылады. Бүгінгі таңда прецеденттіліктің негізгі көздері ретінде әдебиет, кино, театр, саясат, музыка, спорт және бұқаралық коммуникация салалары аталады.

Прецеденттік мәтін және интермәтінділік: теориялық негіздер

Интермәтінділік – қазіргі ғылыми дискурстың маңызды параметрлерінің бірі. Бұл ұғымды 1967 жылы Ю. Кристева енгізгенімен, оның теориялық негіздері бұған дейін М. Бахтин, В. Виноградов, Ю. Тыньянов еңбектерінде қаланған [5].

Интермәтіндік мәтіннің тек ішкі құрылымымен шектелмей, оның басқа мәтіндермен, мәдени кодтармен және оқырманның когнитивтік кеңістігімен байланысын көрсетеді. Мәтіннің «ашықтығы» оның басқа мәтіндерге бағытталуымен қатар, оқырманға да бағытталуын білдіреді. Алайда автор әрқашан оқырманның осы интермәтіндік сигналдарды толық әрі дұрыс қабылдайтынына кепілдік бере алмайды. Бұл интермәтіндіктың айқын прагматикалық сипатын көрсетеді [6].

Интермәтіндіктің негізгі тілдік көріністеріне дәйексөздер, аллюзиялар, афоризмдер, стильдік кірмелер жатады. Осы құралдар арқылы мәтін оқырманмен диалогқа түсіп, көпқабатты мағына қалыптастырады.

Лингвистикада интермәтіндік бірліктер көбінесе прецеденттік мәтіндер арқылы жүзеге асады. Г. Слышкин прецеденттік мәтінді белгілі бір әлеуметтік топ үшін құндылыққа ие символикалық бірліктер жиынтығы ретінде қарастырады [7]. Бұл көзқарас прецеденттіліктің аясын кеңейтіп, оны тек жалпыұлттық деңгейде ғана емес, шағын әлеуметтік топтар (отбасы, студенттік орта) деңгейінде де қарастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, прецеденттік бірліктер тек мәтіндермен шектелмей, жеке лексемалар деңгейінде де көрінуі мүмкін. Мұндай бірліктер прецеденттік атаулар ретінде танылады және ұлттық-мәдени кодтың маңызды элементі болып табылады.

Прецеденттік мәтіндердің маңызды қасиеттерінің бірі – олардың «күшті мәтіндер» қатарына жатуы. Г.Денисова оларды мәдениетте тұрақты сұранысқа ие, тарихи кезеңде ерекше мәнге ие мәтіндер ретінде сипаттайды [5]. Ал Н.Кузьмина пікірінше, мұндай мәтіндер жоғары «энергетикалық әлеуетке» ие болып, басқа мәтіндермен белсенді интермәтіндік байланысқа түседі. Олар түрлі мәдени-тарихи контекстерде өзектілігін жоғалтпай, жаңа мәтіндерде жиі қолданылады [8].

Осылайша, прецеденттік мәтіндер:

1. белгілі бір мәдени қауымдастыққа кеңінен таныс;
2. дискурста жиі қайталанады;
3. мағынасы құрамдас бөліктерінің жай қосындысынан кең;
4. контекстсіз де түсінікті болатын семантикалық тұтастық ретінде сипатталады.

Олар мәдени жадының маңызды элементі ретінде жаңа мәтіндерде қайта жаңғырып, интертекстуалдық байланысты қамтамасыз етеді.

Жоғарыда қарастырылған теориялық негіздерге сүйене отырып, прецеденттік мәтіндер интермәтіндіктің өзегін құрайтын негізгі бірліктердің бірі болып табылады деген қорытынды шығарамыз.

Сакралды мотивтер – діни, мифологиялық, рухани мәні бар образдар мен сюжеттер жиынтығы. Олар көбіне: қасиетті мәтіндермен (мысалы, Құран), мифологиялық кейіпкерлермен, архетиптік символдармен байланысты. Бұл құбылыс интермәтіндік арқылы жүзеге асады. Ал сакралды прецедентті мәтіндердің интермәтіндік қызметі көбінесе прессупозициялық механизмдерге сүйенеді. Атап айтқанда, мәтін оқырманға толық түсіндірілмейді, автор тілдік ортаға танымал белгілі мәдени білімді алдын ала пайдаланып, символдық, эмоционалдық және эстетикалық әсер тудырады. Сондықтан поэтикада прессупозиция – сакралды прецедентті мәтіндердің мағына құрылымы мен интермәтіндік ықпалын түсінудің негізгі құралы.

Біздің зерттеуімізге нысан болған Ж.Әскербекқызы поэзиясындағы прецедентті мәтіндер түркілік таным мен қазақы түсініктегі сакралды ұғымдармен тікелей байланысты. Оның өзегі – миф, ертегі, көне жырлар т.б. Әсіресе сакралды прецеденттік мәтіндердің интермәтіндік қызметі көбінесе пресуппозициялық механизмдер арқылы жүзеге асады. Яғни мәтін авторы белгілі бір мәдени білімді алдын ала бар деп есептеп, оны тікелей түсіндірмей-ақ қолданады:

Керқұлаға мінген ұл,
Пері қызын іздер болсаң, түнге кір!
Түн дегенің - тұңғиық бір дария,
Толқынында тербетілген мұңды өмір...
Аққу болып келді де,
Кері қайтты ол, табарыңа сенді ме?!
Кебісті алып, Керқұламен сен кеттің,
Шаңым шықпай, жаяуладым, мен, міне [9, 6].

Автор ертегі сюжетін толық баяндап жатпайды. Негізгі прецедент немесе символдық ұғымдарды (Керқұла, пері қызы, түн, тұңғиық дария, аққу, кебіс) семантикалық қазық етіп, поэтикалық тұжырым жасайды. "Шаңы шықпай жаяулау" – жербетіндік пендеге емес, көк пен жердің ортасында сағым боп қалқып жүрген перілерге тән сипат болса керек. Автордың меңзеуін түсіну реципиенттен осындай мифтік білімді талап етеді.

Бұл элементтер толық сюжетсіз-ақ оқырман санасында ертегілік мәтінді «жандандырады». Яғни, мұнда Интермәтіндік ықшамдалған (конденсацияланған) түрде беріледі.

Көркем мәтінді түсіну стратегиясы және прецеденттік бірліктердің пресуппозициялық негізі. Көркем мәтін – тек таңбалық құрылымның ұйымдасу тәсілі немесе объективті шындықтың бейнесі ғана емес, ең алдымен, онда бейнеленген құбылыстарға **адами қарым-қатынас орнатуымен** ерекшеленетін күрделі семиотикалық жүйе. Сондықтан көркем мәтінді кең көлемде ұғыну тек тілдік бірліктерді, синтаксистік құрылымдарды немесе жанрлық заңдылықтарды танумен шектелмейді. Ол, ең алдымен, оқырманның мәтінде көтерілген мәселелерге деген **қабылдау типін**, авторлық «менмен» және әлеммен қарым-қатынасын анықтауды қамтиды.

Осы тұрғыдан алғанда, ғылыми мәтін мен көркем мәтіннің қабылдану ерекшеліктері әртүрлі. Ғылыми мәтін, әдетте, автор көздеген мазмұнға барынша жақын интерпретацияланса, көркем мәтін көпмағыналылығымен ерекшеленіп, әртүрлі реципиент тарапынан әрқилы түсіндіріледі. Бұл құбылыс қазіргі тіл білімінде «түсінілім стратегиясы» ұғымы аясында қарастырылады.

Т. ван Дейктің түсіндіруінше бұл ұғымды алғаш 1970 жылы Бивер енгізген. Түсінілім стратегиясы мәтіннің сипатына ғана емес, тілді тұтынушының дүние туралы білімі мен мақсатына да байланысты. Осының негізінде Т. Ван Дейк *мәтін түсінілімінің стратегиялық моделін* ұсынады. Модельдің негізгі компоненттері ретінде оның *когнитивтік* және *контекстуалдық* негіздемелері талданады. Когнитивтік негіздеменің өзі бірнеше компоненттерден тұрады. Қандай да бір оқиғаға өзі куә болып көрген, кейін оны өзгелерге айтушы да, айтушы арқылы оқиға туралы естіген тыңдаушы да алдымен сол оқиғаны қабылдап, өзіндік менталды түсінік қалыптастырады, бұл түсінілім моделінің *конструктивтік негіздемесі* деп аталады. Әрі қарай болған оқиғаға оқиғаның тікелей куәсі «оқиға» ретінде, оқиға туралы естуші «оқиға жайындағы әңгіме» ретінде интерпретация жасайды. Бұл модельдің *интерпретациялаушы* негіздемесі деп аталады. Оқиғаға тікелей куә болушы да, ол туралы сырттан естуші де алдымен оқиға туралы қабылдап, содан соң түсініп, соңында оның мәніне ой жүгіртпейді, осы аталған түсінілім сатылары бір уақытта, бір-бірімен қатар жүретін процестер. Мәтін түсінілімінің бұл табиғаты модельдің *оперативті* (жедел) негіздемесіне жатады. Естіген не көрген оқиға туралы түсінілім қалыптасу үшін көруші мен тыңдаушының когнитивтік жадысында осы оқиғаға қатысты белгілі-бір білім қоры болу қажет. Осы білімнің негізінде көруші мен тыңдаушыда екінші когнитивті ақпарат – көз жеткізу, көзқарас, мотивация, осы оқиғаға қатысты мақсат, міндет – қалыптасуы тиіс. Яғни осындай оқиғаларға қатысты бұрыннан қалыптасқан (айтпаса да түсінікті) түсінік, көзқарас, бағалау болуы қажет. Бұны түсінілім моделінің *пресуппозициялық* негіздемесі деп атайды [10, 155].

Контекстуалдық негіздеменің құрамдас бөліктері ретінде *прагматикалық, ситуативтік* негіздемелер алынады. Т. Ван Дейктің айтуынша, мәтінді түсіну оқшау

«вакуумдық» жағдайда емес, белгілі бір тыңдаушы мен айтушының арасында нақты бір жағдайда, әлеуметтік мәдени контексте жүзеге асрылатын процесс. Айталық, оқиға туралы түрлі пікірлер, көзқарастар, пайымдаулар, қорытындылар жүреді. Тыңдаушы естіген оқиғасы туралы жеке пайымдау жасап қана қоймайды, сонымен бірге айтушының не айтпақ болғанына ой жүгіртеді, оны өз пайымдауымен салыстырады. Ал сөйлеуші оқиға туралы баяндай отырып, белгілі бір әлеуметтік актіге қатысады, тыңдаушының әлденеге көзін жеткізуге, оны әлденеден сақтандыруға күш салады. Бұны түсінілімнің *прагматикалық* негіздемесі деп атаймыз. Оқиға туралы әңгіме кімге арналып айтылуына байланысты да түрліше талданып, түсіндірілуі мүмкін. Мәселен, оқиғаны айтушы кезкелген кездейсоқ жолаушыға, арнайы маманға, үйінде туыстарының ортасында баяндауы мүмкін. Бұндай жағдайда түсінілім *ситуативті* негізмеге сүйенеді [10, 156-159].

Түсінілім стратегиясы теориясы Т. ван Дейк еңбектерінде жан-жақты дамытылған. Ғалым мәтінді түсіну үдерісін **когнитивтік және контекстуалдық негіздемелердің өзара әрекеті** ретінде сипаттайды. Когнитивтік негіздеме бірнеше құрамдас бөліктерден тұрады:

Конструктивтік компонент – оқиғаны қабылдау және менталды модель құру;

Интерпретациялық компонент – оқиғаны «оқиға» немесе «оқиға туралы әңгіме» ретінде түсіндіру;

Оперативтік компонент – қабылдау, түсіну және бағалаудың бір мезгілде жүзеге асуы;

Пресуппозициялық компонент – алдын ала бар білімге сүйену.

Соңғысы біздің зерттеу тақырыбымыз үшін ерекше маңызды. Пресуппозиция – мәтінді толық түсіну үшін оқырман санасында бұрыннан бар **мәдени-танымдық білім қорының** болуы. Бұл қор: тарихи-мәдени ақпараттан, ұлттық фольклордан, прецеденттік мәтіндерден тұрады. Демек, прецеденттік бірліктерді қабылдау тікелей осы пресуппозициялық базаға тәуелді.

Тілді тұтынушы (мәтінді оқушы) тұтас мәтінді оқып жатпай-ақ оның тақырыбы мен жалпы мазмұны туралы алғашқы пропозиция арқылы (шығарманың атауы, тақырыптық сөздер, тақырыпты ашатын алғашқы сөйлемдер, болатын оқиға жөнінде ауқымды ақпараттың болуы, контекстен хабардар болу т.б.) таныс болады, мағлұмат алады.

Контекстуалдық негіздеме: прагматикалық және ситуативтік аспектілер. Контекстуалдық негіздеме екі негізгі компоненттен құралады:

1. Прагматикалық аспект

Мәтінді түсіну – белгілі бір коммуникативтік мақсатқа бағытталған әрекет. Сөйлеуші:

- тыңдаушыны белгілі бір ойға сендіруге,
- ескертуге,
- эмоциялық әсер етуге ұмтылады.

Ал тыңдаушы:

- мәтінді интерпретациялап қана қоймай,
- автордың ниетін де анықтауға тырысады.

2. Ситуативтік аспект

Мәтіннің қабылдануы коммуникация жағдайына тәуелді:

- адресаттың деңгейі,
- әлеуметтік орта,
- мәдени контекст.

Бұл факторлар арқылы мәтін әртүрлі түсіндіріледі.

Көркем мәтін таңбалық құрылымның ұйымдасу әдісі ғана емес, материалдық, әлеуметтік дүниенің бейнеленуі де емес, оның бірден бір белгісі суреттелген бейнеге адами қарым-қатынас орнықтыра білуінде. Көркем мәтінді кең көлемде ұғыну – одан тілдік ерекшеліктер, сөйлеу құрылымдарын, жанрлық заңдылықтарды ғана емес, онда сипатталған мәселелерге оқырман тарапынан ұғыну, қабылдау типін көре білу болып табылады. Қарым-қатынас типі дүниеге, өзге адамдарға, авторлық «мен»-ге қарым-қатынас ретінде түсінілуі тиіс. [11, 44]

Контекстуалдық негіздеменің құрамдас бөліктері ретінде *прагматикалық, ситуативтік* негіздемелер алынады. Т. Ван Дейктің айтуынша, мәтінді түсіну оқшау «вакуумдық» жағдайда емес, белгілі бір тыңдаушы мен айтушының арасында нақты бір жағдайда, әлеуметтік мәдени контексте жүзеге асырылатын процесс. Айталық, оқиға туралы түрлі пікірлер, көзқарастар, пайымдаулар, қорытындылар жүреді. Тыңдаушы естіген оқиғасы туралы жеке пайымдау жасап қана қоймайды, сонымен бірге айтушының не айтпақ болғанына ой жүгіртеді, оны өз пайымдауымен салыстырады. Ал сөйлеуші оқиға туралы баяндай отырып, белгілі бір әлеуметтік актіге қатысады, тыңдаушының әлденеге көзін жеткізуге, оны әлденеден сақтандыруға күш салады. Бұны түсінілімнің *прагматикалық* негіздемесі деп атаймыз. Оқиға туралы әңгіме кімге арналып айтылуына байланысты да түрліше талданып, түсіндірілуі мүмкін. Мәселен, оқиғаны айтушы кезкелген кездейсоқ жолаушыға, арнайы маманға, үйінде туыстарының ортасында баяндауы мүмкін. Бұндай жағдайда түсінілім *ситуативті* негізмеге сүйенеді [10, 156-159].

Түсінілім стратегиясына қатысты *мәтіндік база, пропозиция, ситуациялық модельдер, басқару жүйесі, білімді пайдалану стратегиясы, макростратегия, өнімдік (продукционные) стратегия* т.б. ұғымдары қолданылады. Солардың ішінде макростратегия мәтіннің макроқұрылымын зерттеуді көздейді.

Сөйлеушінің мәтін құрастырудағы бірінші межесі мәтіннің макроқұрылымын, семантикалық жоспарын құру болып табылады. Аталған стратегиялардан басқа мәтіннің түсінілімін арттыруға қызмет ететін өзге де түрлері бар: стилистикалық стратегия, риторикалық стратегия, әңгімелесу стратегиясы және дискурс пен коммуникацияның нәтижелілігін арттыру үшін ауызша ақпарат беру (невербальную информацию) – ым, ишара, кескін стратегиялары да қатысады.

Түсінілім стратегиясының маңызды элементтерінің бірі – **макростратегия**, яғни мәтіннің жалпы мазмұнын, тақырыптық құрылымын тану. Оқырман көбіне мәтінді толық оқымай-ақ: атауы, негізгі сөздер, алғашқы сөйлемдер арқылы оның мазмұны жөнінде алдын ала болжам жасайды. Мысалы, Ж.Әскербектің «Ер Төстік, Кенжекей және Сен туралы...» өлеңінің атауының өзі оқырман санасында белгілі бір интермәтіндік өрісті активтендіреді, оның мазмұны туралы алдын-ала болжам жасауға мүмкіндік береді. Оқырман аталған ертегі кейіпкерлері туралы сюжеттерді білетін, қазақ ертегілерінен хабардар болса, реципиенттің автор ұсынған мәтінге қосымша өзіндік божамды мәтіні дайын тұрады. Ол шамамен: 1) Жаны үшін баласын жалмауыз кемпірге қиған Ерназар; 2) Соркұдықтың тылсым сипаты (соры бар жерде жын-пері жүреді); 2) Перінің қызы Бекторы мен Кенжекейдің сөз қақтығысы; 3) Ертөстіктің жалмауыз кемпірден құтылуы т.б.

«Соркұдыққа көшіңді қондырмағын,
Қонар болсаң, татасың сордың дәмін.
Сол ертегі ішінде мен де болғам,
Сонда жүріп көзіммен көрдім бәрін.
Кенжекейдің желегін жел ұшырған,
Көзі түсіп перінің, ер ұшынған.
Боз тұманда боз үйден шыға келіп,
Бал саумалды өзіңе мен ұсынғам.
Көшіңді алып, ілгері жөнел енді,
Жұртта қалам, жаңғыртып көне өлеңді.
Боз тұманды бүркенген Соркұдыққа
Сор айдаған Ертөстік неге келді?!
Мыстан жатыр мекен қып жертөлені,
Кенжекей жүр айналып кертөбені.
Жүрек-жұртым көшіріп алды өзіне
Қимасына айналып ертек елі» [9, 22]

Бұл жерде: Ертөстік, Кенжекей, Бекторы сияқты прецеденттік кейіпкерлер арқылы оқырманның когнитивтік жадында бұрыннан бар ертегілік сюжеттер жаңғырады. Соның

нәтижесінде оқырманда «болжамды мәтін» қалыптасады, яғни: Ерназар бейнесі, Сорқұдықтың тылсым сипаты, перілер әлемі, батырлық пен сынақ мотивтері. Бұл – Интермәтіндіктың пресуппозициялық механизм арқылы жүзеге асуының айқын көрінісі.

Өлеңнің түсініліміндегі стратегиялардың көрінісі

Берілген поэтикалық мәтінде: «Сорқұдыққа көшіңді қондырмағын...» сияқты жолдар тек тікелей мағынада емес, прецеденттік білім арқылы түсіндіріледі.

Семантикалық деңгейде: «Сорқұдық» – қауіпті, тылсым кеңістік.

Пресуппозициялық деңгейде: ол – жын-перілер мекені туралы халықтық түсінік.

Прагматикалық деңгейде: бұл – оқырманға бағытталған ескерту, өсиет.

Осылайша, мәтіннің толық мағынасы тек тілдік бірліктер арқылы емес, **оқырманның мәдени жадындағы прецеденттік білім арқылы** ашылады.

Мәтіннің түсінілімін тереңдетуде келесі қосымша стратегиялар да маңызды рөл атқарады: **Стилистикалық стратегия** – көркемдік тәсілдер арқылы әсер ету; **Риторикалық стратегия** – үндеу, сұрақ, қайталау арқылы ықпал ету; **Дискурстық стратегия** – автор мен оқырман арасындағы диалог; **Паралингвистикалық құралдар** – (ауызша мәтінде) ым, ишара, интонация.

Стилистикалық стратегия (көркемдік тәсілдер арқылы әсер ету)

«Еділді тастап кеткен күн,
Сені жан-жүрегіммен жек көрдім!
Азасы маған аз ба еді
Анау Алтайда қалған бөктердің...
Қайран да менің Еділім –
Көңілде қалған көне жұрт,
Ол шақта ер ек, өр едік.
Ен тоғай еншім болғанда,
Ел-жұртты ханға теңедік» [9, 7]

Немесе

«Тарпаң кетті бас бермей Жошы мінген,
Жеткен бізге бір күй бар осы күннен.
Құлан жүйткіп барады құла түзде
Көне күннің керуен - көші жүрген....
Тарпаң кетті, үстінде Жошы кетті,
Суыт хабар жүректі осып өтті.
Құлан, Тарпаң, Құла түз, Сырттан жігіт, -
Күй баян ғып сыр шертті осы кепті...» [9, 91]

Алдыңғы мәтінде стилистикалық стратегия ең алдымен **метафора, эпитет, тарихи реминисценция** арқылы көрінеді:

Еділ – нақты географиялық атау ғана емес, *ұлттық жад, тарихи мекен, рухани кеңістік символы.* «Қайран да менің Еділім!» ноғайлы жырауларының толғаулары арқылы сакралды сипатқа ие болған прецедентті тіркестер. «Көне жұрт» – өткен дәуірге деген сағыныш болса,

«Ен тоғай еншім болғанда,
Ел-жұртты ханға теңедік» жолдары арқылы гипербола мен тарихи асқақ пафос батырлық дәуірді идеализациялау мотиві беріліп тұр.

Екінші мәтінде: «құла түз» – символдық кеңістік (жалғыздық, кеңістік, тарих), «құлан», «тарпаң» – еркіндік пен тағдырдың метафорасы. «Ақсақ құлан, Жошы хан...» прецендентті тіркесі – тарихи реминисценцияға негізделген стилистикалық стратегия. Толық оқиға айтылмайды, бірақ оқырман санасында: Жошының өлімі, күй арқылы жеткізілген қайғылы хабар, тарихи трагедия қайта жаңғырады. Стилистикалық стратегия мәтінде **тарихи-эмоционалдық фонды күшейтіп**, оқырманды ұлттық-мәдени кеңістікке енгізеді.

Риторикалық стратегия өлеңде **үндеу, леп, қайталау, эмоциялық экспрессия** арқылы беріледі:

«Сені жан-жүрегіммен жек көрдім!» лепті сөйлем → күшті эмоциялық әсер, оқырманды селт еткізетін экспрессия.

«Қайран да менің Еділім» қайталау + қаратпа форма риторикалық үндеу (адресат – туған жер).

Дискурстық стратегияда автор оқырманмен **ортақ тарихи жад арқылы байланыс орнатады**.

Екінші мәтінде: *«Жошы мінген»* – Жошы хан тұлғасына сілтеме. Бұл жерде автор нақты түсіндірмейді, оқырманның тарихи біліміне сүйенеді. Бұл – пресуппозицияға негізделген диалог. Сол сияқты: «құлан», «тарпаң» - мифтік-тарихи код; «күй» - ұлттық мәдени коммуникация формасы. Автор «Мен айтпаймын – сен түсін» принципімен жұмыс істейді.

Поэтикалық мәтін жазбаша болғанымен, онда ауызша дискурсқа тән белгілер бар, олар – Интонация – лепті сөйлемдер арқылы берілетін көтеріңкі, эмоциялық тон. Ритм мен пауза: «Тарпаң кетті, үстінде Жошы кетті» екі оқиғаны ізбе-із беру үзіліс арқылы драмалық әсерді күшейту.

• Дыбыстық ұйымдасу: «құлан – құла – күй» – аллитерация. Бұл элементтер мәтіннің прагматикалылығын арттырады, қазақтың күй, жыр дәстүрімен байланысты рухани жадын жаңғыртады.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу Ж. Әскербекқызы поэтикасындағы прецеденттік мәтіндердің қызметі олардың пресуппозициялық табиғатымен тікелей байланысты екенін көрсетті. Ақын шығармаларында прецеденттік бірліктер толық күйінде берілмей, ықшамдалған, символдық әрі астарлы түрде ұсынылады. Бұл өз кезегінде олардың мағынасы мәтіннің ішкі құрылымынан гөрі оқырманның когнитивтік базасына, яғни алдын ала қалыптасқан мәдени-танымдық білім қорына тәуелді екенін дәлелдейді.

Атап айтқанда, ақын поэзиясындағы мифологиялық, фольклорлық және тарихи прецеденттік мәтіндер пресуппозициялық механизмдер арқылы активтенеді. Автор белгілі бір ақпаратты тікелей баяндамай, оны оқырман санасындағы дайын модельдерге сүйене отырып береді. Нәтижесінде мәтінде жасырын мағына қабаттары қалыптасып, интертекстуалдық байланыстар күрделене түседі.

Прецеденттік бірліктердің мұндай қолданысы оқырманнан тек тілдік емес, сонымен қатар мәдени-тарихи құзыреттілікті талап етеді. Яғни мәтінді толық әрі терең түсіну үшін реципиент ұлттық фольклор, мифологиялық таным, тарихи деректер сияқты білімдер жүйесіне сүйенуі қажет. Бұл – пресуппозицияның көркем мәтіндегі негізгі қызметін айқындайды.

Сонымен қатар, Ж. Әскербекқызы поэтикалық тілінде прецеденттік мәтіндер семантикалық «қазық» қызметін атқарып, бүкіл поэтикалық ойды ұйымдастырушы өзекке айналады. Олар мәтіндегі негізгі концептуалдық жүктемені көтеріп, авторлық идеяны ықшам әрі әсерлі жеткізуге мүмкіндік береді.

Осылайша, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, прецеденттік мәтіндердің пресуппозициялық аспектісі ақын поэтикасының маңызды белгілерінің бірі болып табылады. Бұл аспект поэтикалық мәтіннің көпқабатты семантикасын қалыптастырып қана қоймай, оқырман мен мәтін арасындағы терең когнитивтік және мәдени диалогты қамтамасыз етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Караулов, Ю.Н. Русский язык и языковая личность. Москва: Наука, 1987. – 264 с.

2. Караулов, Ю.Н. Роль прецедентных текстов в структуре и функционировании языковой личности [Текст] / Ю.Н.Караулов // Научные традиции и новые направления в преподавании русского языка и литературы: Доклады советской делегации на VI конгрессе МАПРЯЛ. - М., 1996. – с.105 -126

3. Захаренко И.В., Красных В.В. Лингвокогнитивные проблемы межкультурной коммуникации. - М. 1997. – с.100 - 115

4. Земская, Е. А. Цитация и виды ее трансформации в заголовках современных газет // Поэтика. Стилистика. Язык и культура. — М., 1996. - 157 с.

5. Денисова, Г. В. В мире интертекста: язык, память, перевод. М.: Азбуковник, 2003. - 297с.

6. Захаренко И.В., Красных В.В., Гудков Д.Б., Багаева Д.В. Прецедентное высказывание и прецедентное имя как символы прецедентных феноменов // Язык, сознание, коммуникация.– М., 1997. - Вып.1. – 103 с.

7. Слышкин Г.Г. От текста к символу: лингвокультурные концепты прецедентных текстов в сознании и дискурсе / Г.Г.Слышкин. – М.: Academia, 2000. – 128 с.

8. Кузьмина, Н. А. Интертекст и его роль в процессах эволюции поэтического языка. М.: Едиториал УРСС, 2004, 272с.

9. Әскербекқызы Ж. Миф-о-поэзия. Алматы: Жазушы, 2022. – 192

10. Дейк Т. Язык. Познание. Коммуникация. – Москва: Прогресс, 1989. – 310с.

11. Белянин В.П. Психолингвистические аспекты художественного текста. МГУ, 1988. -121.

ПРЕСУППОЗИЦИОНАЛЬНЫЙ АСПЕКТ ПРЕЦЕДЕНТНЫХ ТЕКСТОВ В ПОЭТИКЕ Ж. АСКЕРБЕККЫЗЫ

Нурдаулетова Б.И.
Есенов университеті, Ақтау, Қазақстан
e-mail: nurdauletova@mail.ru

Аннотация. В современной казахской поэзии отчетливо проявляется тенденция к новому освоению сакральных мотивов. В этом контексте творчество Ж. Әскербеккызы отличается глубоким использованием мифологических, религиозных и фольклорных кодов на поэтическом уровне. Данная проблема является актуальной не только в рамках литературоведения и поэтики, но и в области лингвопоэтики.

В статье рассматривается пресуппозиционный аспект прецедентных текстов в поэтике Ж. Әскербеккызы. Цель исследования заключается в выявлении семантических и прагматических функций интертекстуальных единиц в произведениях автора. Анализируются особенности использования сакральных образов в поэзии поэтессы, трансформация мифологических сюжетов и проявление национальных культурных кодов.

Прецедентные тексты рассматриваются как смысловые структуры, связанные с исторической памятью в художественном пространстве. Они формируют пресуппозиционную основу, позволяющую раскрыть скрытое содержание текста. В ходе исследования выявляются способы актуализации религиозно-фольклорных мотивов автором, а также определяется их символическое и эстетическое значение.

Прецедентные тексты в поэзии Ж. Әскербеккызы взаимодействуют с культурным опытом читателя и формируют глубокий смысловой пласт произведения. Статья направлена на научное осмысление роли интертекстуальных связей в репрезентации национального мировоззрения и определение функций прецедентных единиц в поэтическом тексте, что способствует более глубокому раскрытию художественных особенностей современной казахской поэзии.

Ключевые слова: поэзия Жанат Аскербеккызы, сакральный мотив, прецедентные тексты, пресуппозиция, поэтический язык, когнитивная лингвистика.

PRESUPPOSITIONAL ASPECT OF PRECEDENT TEXTS IN THE POETICS OF ZH. ASKERBEKKYZY

B. Nurdauletova
Yessenov university, Aktau, Kazakhstan
e-mail: nurdauletova@mail.ru

Abstract. The modern Kazakh poetry demonstrates a distinct tendency towards the new interpretation of sacred motifs. In this context, the works of Zh. Askerbekkyzy are distinguished by the profound use of mythological, religious, and folklore codes at the poetic level. This issue is relevant not only within the framework of literary studies and poetics but also in the field of linguopoetics.

The article examines the presuppositional aspect of precedent texts in the poetics of Zh. Askerbekkyzy. The purpose of the research is to identify the semantic and pragmatic functions of intertextual units in the author's works. The study analyzes the use of sacred images in the poet's works, the transformation of mythological plots, and the representation of national cultural codes.

Precedent texts are considered as semantic structures connected with historical memory within the artistic space. They form a presuppositional basis that allows revealing the implicit content of the text. The research identifies the ways in which the author revitalizes religious and folklore motifs and determines their symbolic and aesthetic significance.

Precedent texts in the poetry of Zh. Askerbekkyzy interact with the reader's cultural experience and contribute to the formation of a deep semantic layer of the literary work. The article is aimed at the scholarly analysis of the role of intertextual relations in representing the national worldview and defining the functions of precedent units in poetic texts, which contributes to a deeper understanding of the artistic features of contemporary Kazakh poetry.

Keywords: Zhanat Askerbekkyzy's poetry, sacred motif, precedent texts, presupposition, poetic language, cognitive linguistics.